

## Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу және сату ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 28 маусым N 262. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 10 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1622. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 19 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

### ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен келісілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу және сату ережесі бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу және сату ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу және сату ережесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының  
Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық Банкі Басқармасының  
Ұлттық комиссиясымен 2001 жылғы 28 маусымдағы  
2001 жылғы 26 мамырда N 262 қаулысымен  
келісілген бекітілген

## **Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу және сату ережесі**

Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және басқа нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (бұдан әрі - сақтандыру ұйымы) акцияларын сақтандыру қызметін реттеу және бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) еріксіз сатып алу және сату тәртібін белгілейді.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алуды және сатып алынған акцияларды сатуды уәкілетті мемлекеттік орган өзінің сақтандырылған сақтанушыларының, пайда алушылардың заңды мүддесін қорғау және сақтандыру рыногының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында қолдануға тиіс. Осы мәселе жөніндегі шешім қаржы жағдайы Заңның 61-бабында белгіленген талапқа дәл келетін сақтандыру ұйымдарына қатысты қабылданады.

2. Сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу және сатып алынған акцияларды сату уәкілетті мемлекеттік органның шешіміне сәйкес жүзеге асырылады және сақтандыру ұйымы акционерлерінің ризашылығының болуы қажет емес.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу рәсімін сақтандыру ұйымының акцияларына меншік құқықтарының ешбір жағдайда соңғы сатып алушы иесі (иеленушісі) болмай, осы құқықтардың жаңа акционерге (жаңа акционерлерге) өтуін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланады.

4. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

сатып алынған акциялар - уәкілетті мемлекеттік органның осы Ережеге сәйкес сатып алған сақтандыру ұйымының акциялары;

инвестор - осы Ережеде белгіленген талаптармен сатып алынған акцияларды сатып алу мәселесі жөнінде уәкілетті мемлекеттік органмен келіссөзге келген заңды немесе жеке тұлға;

жаңа акционер - осы Ережеде белгіленген талаптармен сатып алынған акциялар бойынша оған меншік құқығы өткен заңды немесе жеке тұлға;

акцияның бұрынғы иесі - сақтандыру ұйымының акционері болып табылатын , осы сақтандыру ұйымының оған тиесілі акцияларын осы Ережеге сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган еріксіз сатып алған тұлға.

## **2-тарау. Акцияларды еріксіз сатып алудың және сатудың негіздемесі мен шарттары**

5. Сақтандыру ұйымының барлық акцияларын еріксіз сатып алу сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып есептелген сақтандыру ұйымының активтерінің құны мен міндеттемелерінің арасында теріс айырмашылық анықталған жағдайда, оларды жаңа акционерге (акционерлерге) сату мақсатында жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Сақтандыру ұйымының активтерінің құны мен міндеттемелерінің арасындағы айырмашылықты есептеу уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (жеке немесе басқа инвесторлармен бірлесіп) барлық міндеттемелерді орындау, сақтандыру ұйымының қаржылық тұрақтылығын және төлем жасау қабілеттілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ осы Ереженің 16-тармағында көзделген өзге де шарттарды орындау мүмкіндігі бар сақтандыру ұйымы үшін заңнамада ұсынылған талаптарды қанағаттандыратын тұлға сақтандыру ұйымының инвестор(-лар)ы бола алады.

8. Сатып алынған акцияларды сату туралы шешімді инвестор(-лар) өзінде (өздерінде) осы Ереженің 7, 16-18-тармақтарында көзделген талаптарды орындау үшін қаржылық және басқа мүмкіндіктің жеткілікті болуын растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган қабылдайды.

## **3-тарау. Акцияларды еріксіз сатып алу және оларды сату рәсімдері**

9. Сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу және бұдан кейін оларды сату уәкілетті мемлекеттік органның акцияларды еріксіз сатып алу туралы шешім және сақтандыру ұйымының инвестор(-лар)ына сату туралы

шешім қабылдау жолымен жүзеге асырылады. Сонымен бірге сақтандыру ұйымының сатып алынған акцияларын сатып алу-сату шарты уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымының мұндай акцияларын инвестор(-лар)ға сату туралы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

10. Сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алған кезде акцияларды еріксіз сатып алу мәселесі жөнінде уәкілетті мемлекеттік орган мен сақтандыру ұйымының акционерлері арасында шарт немесе қандайда бір басқа құжат ресімделмейді, өйткені мұндай мәміле оның сақтандырылған сақтанушыларының , пайда алушыларының заңды мүддесін қорғау және сақтандыру рыногының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жасалады.

11. Уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу туралы шешімі акция ұстаушылар мен бағалы қағаздардың нақты ұстаушыларының тізілімінде ашылған есепшотындағы сақтандыру ұйымы акцияларының меншік иесін өзгерту бөлігіне өзгерістер енгізу үшін негіз болып табылады.

12. Сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу туралы шешім қабылданғаннан кейін осы акциялармен қамтамасыз етілген, акциялардың бұрынғы иесіне қатысты міндеттемелері бар үшінші тұлғаның өз талаптарын бұрынғы акция иесіне тиесілі ақшадан қанағаттандыруға құқығы бар.

13. Сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу жөніндегі іс-шаралар жүргізуге байланысты қаржылық шығыстар сақтандыру ұйымының жаңа акционерінің (жаңа акционерлерінің) есебінен жұмсалады.

14. Осы Ереженің 7 және 16-тармағының шарттарын қанағаттандыратын тұлға уәкілетті мемлекеттік органға сақтандыру ұйымының барлық акцияларын сатып алғысы келетіні туралы өтініш беруге құқылы.

15. Сақтандыру ұйымының жаңа акционерлері болғысы келетін екі немесе одан да көп тұлға акцияларды сатып алу туралы өтініш берген жағдайда, олар сақтандыру ұйымының акцияларын сатып алуда өздерінің әрқайсысының үлесін және сатып алынған акциялар үшін төлем жасалуға тиісті ақша сомасын, сондай-ақ осы Ережеде көзделген басқа да талаптарды орындауды анықтайтын өзара жасалған келісімін ұсынуға тиіс.

16. Уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру ұйымының акционері (жаңа акционерлері) болғысы келетін тұлға(-лар)мен келіссөз жүргізуді бастауының міндетті шарты оның (олардың) құпиялықты сақтау және коммерциялық құпияны бұзбау жөнінде жазбаша міндеттеме қабылдау болып табылады.

Қажет болған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган инвестор(-лар)дың осы Ереженің 7-тармағының талаптарын орындауға қажетті соманы, не оның негізгі (

60% кем болмайтын) бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі жеке есепшотқа депозитке салуды талап етуге құқылы. Осы есепшотқа ақша салу мұндай жағдайда тиісті шарттың негізінде жүзеге асырылады.

17. Өтініш беруші келіссөз жүргізілгенге дейін уәкілетті мемлекеттік органға сақтандыру ұйымының құрылтайшыларына арналған заңнамада белгіленген құжаттардың толық топтамасынан басқа, алдағы екі жылға арналған сақтандыру ұйымының қаржылық жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынуға міндетті.

18. Өтініш беруші ұсынатын сақтандыру ұйымының қаржылық жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сақтандыру ұйымының сипаттамасы және мынадай ықтимал тәуекелдермен басқару тәсілдері кіруге тиіс:

1) өтімділік тәуекелі бойынша (сақтандыру ұйымы өз сақтанушылары және өзге кредиторлары алдындағы өз міндеттемелері бойынша уақтылы жауап беруге қабілетсіз болу тәуекелі) - шығарылған акциялардың, міндеттемелердің және өтімді активтердің жалпы сомасының активтердің жалпы сомасына күтілген қатынасы;

2) операциялық тәуекел бойынша (сақтандыру ұйымының оперативті қызметіне жұмсалған шығыстардың алғашқы болжамды деңгейінен айтарлықтай асуы мүмкін тәуекел) - көрсетілетін негізгі және қосымша қызметтің болжамды көлемі мен тізбесі, сақтандыру ұйымы операцияларының күтілген орташа және айтарлықтай жоғары көлемі, сақтандыру ұйымының белгіленген шектен асатын шығыстарының орнын жабу шарттарының сипаттамасы;

3) капитализацияға байланысты тәуекел бойынша (сақтандыру ұйымы уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық кесімдерінің талаптарына сәйкес болу үшін жеткілікті меншік капиталын қолдауға қабілетсіз болуы мүмкін тәуекел);

4) өз сақтанушыларына (өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымы үшін) заем берген кездегі кредит тәуекелі бойынша;

заем берген кезде қолданылатын стандарттар, сондай-ақ берілген заемдардың портфелін тұрақты қадағалау және бақылау кезінде қолданылатын және проблемасы бар заемдар мен заемдар бойынша шығындардың орнын жабу үшін резервтер құру мақсатында жүргізілетін тәртіп;

сақтандыру ұйымының кредит комитетіне енгізілген (немесе енгізілетін) тұлғалар туралы мәліметтер.

19. Акцияларды сату мақсатымен еріксіз сатып алу туралы келіссөз жүргізу мүмкіндігі туралы мәселе оң шешілген жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган инвесторға(-лар)ға осы алдағы уақытта жасалатын мәміленің болжамды мерзімімен қоса шарттарын бірлесіп қарауды бастау туралы жазбаша хабарлама жібереді.

20. Инвестор(-лар) ұсынысты қабылдаған жағдайда сақтандыру ұйымының акцияларын сатудың және мәміле бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің барлық негізгі талаптарын енгізе отырып, сатып алу-сату шарты жасалады.

21. Уәкілетті мемлекеттік органның, бір жағынан және инвестор(лар)дың, екінші жағынан, арасындағы сақтандыру ұйымының сатып алу-сату шарты уәкілетті мемлекеттік органның жоғарғы басқару органының қарауына ұсынылады.

22. Сақтандыру ұйымының еріксіз сатып алуға жататын, бұдан кейін инвестор(-лар)ға көрсетілген шарттарға сәйкес сатылатын акцияларымен жасалатын мәмілелерді тіркеу, акцияларды орналастыру рәсімі, акция ұстаушылардың және бағалы қағаздардың нақты ұстаушыларының тізілімінде ашылған есепшотқа тиісті өзгерістер енгізу, сақтандыру ұйымы акцияларының эмиссиясын ресімдеу және ақпаратты мүдделі адамдарға жіберу тәртібі заңнамаға сәйкес және осы Ережеде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі.

23. Сақтандыру ұйымының акцияларын сатып алу-сату шарты:

1) сақтандыру ұйымын қайта тіркеуге;

2) тіркеушінің акция ұстаушылар мен бағалы қағаздардың нақты ұстаушыларының тізілімінде ашылған есепшоттың сақтандыру ұйымының акциялар иесін өзгерту бөлігіне өзгерістер енгізуге негіз болып табылады.

24. Осы Ереженің 14-22-тармақтарында көзделген рәсімдерді аяқтағаннан кейін сақтандыру ұйымының акцияларын сату-сатып алу шарты негізінде жаңа акционер (жаңа акционерлер) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандыру ұйымының құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізеді.

25. Сақтандыру ұйымы акцияларының барлық бұрынғы иелері үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде сақтандыру ұйымы акцияларының сатып алу бағасының мөлшерінде ақша есептелетін арнайы есепшот ашылады.

26. Акцияның бұрынғы иелерінің кез келгені акциялардың орнына осы Ереженің 25-тармағында көзделген арнайы есепшоттан сатып алынған акциялардың жалпы көлеміндегі өз акцияларына барабар сомадағы ақша үлесін алуға құқылы.

27. Акцияның бұрынғы иелерінен акция сатып алу бағасы мен сатып алынған акцияларды инвестор(-лар)ға сату бағасының арасындағы айырмашылық акциялардың бұрынғы иелеріне жіберіледі.

28. Сақтандыру ұйымының жаңа акционері (акционерлері) мүмкіндігінше қысқа мерзімде оның органын заңнамаға сәйкес қалыптастыруға міндетті.

29. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу және сатып алынған акцияларды сату туралы шешім қабылданған күннен бастап бес күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабарлама жариялайды.

#### **4-тарау. Акцияларды еріксіз сатып алу рәсімдерін жүргізу кезеңінде сақтандыру ұйымы қызметінің тәртібі**

30. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу және сатып алынған акцияларды сату туралы шешімді сақтандыру ұйымдарына тез арада жібереді. Сақтандыру ұйымының атқару органы осы мәселе жөніндегі шешімге қол қоя отырып танысуға тиіс.

31. Егер сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу және сатып алу-сату бір уақытта жүзеге асырылса, онда уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу туралы шешім қабылдаған кезден бастап сақтандыру ұйымының барлық органдарының өкілеттіктері тоқтатылады және жаңа акционердің (жаңа акционерлердің) шешімі бойынша құрылған органға өтеді.

32. Егер сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу және сатып алу-сату бір уақытта жүзеге асырылмаса, онда уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу туралы шешім қабылдаған кезден бастап сақтандыру ұйымының барлық органдарының өкілеттіктері тоқтатылады және уәкілетті мемлекеттік органға өтеді.

Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымының қызметін басқаруды қамтамасыз ету мақсатында уақытша әкімшілік басқарушысын тағайындайды.

33. Уақытша әкімшілік басқарушысы мыналарды орындайды:

1) сақтандыру ұйымының атқару органынан қабылдау-өткізу актісі бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның түпнұсқасын, сақтандыру ұйымын тіркеу жөніндегі құжаттарды, мөрлерді, мөртабандарды, ақпараттың электронды жазбаларын және оның бағдарламалық қамтамасыз етуін, бланкілерді және басқа құжаттарды, сондай-ақ сақтандыру ұйымының мүлкін қабылдап алады;

2) уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру ұйымының акцияларын еріксіз сатып алу туралы, уақытша әкімшілік басқарушысының тағайындалғаны туралы шешімін сақтандыру ұйымының клиенттеріне көрінетін жерге орналастырады;

3) сақтандыру ұйымының кассасына түгендеу жүргізеді және ақша қалдығын оның банктік есепшотына есептейді, сақтандыру ұйымының банктік есепшоттарын салыстырып тексереді;

4) сақтандыру ұйымының мүлкіне, сақтандыру және өзге де шарттарына түгендеу жүргізеді, сақтандыру ұйымы мүлкінің, оның ішінде бағдарламалық камтамасыз етудің, ақпараттың электронды жазбаларының, сондай-ақ басқа да ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді;

5) сақтандыру ұйымының есепшотына қызмет көрсететін банктерге сақтандыру ұйымының атынан құжаттарға қол қою құқығы бар лауазымды адамдардың қол қою үлгілері бар құжаттарды береді;

6) толық материалдық жауапкершілік жүктелген адамдарды, оның ішінде сақтандыру ұйымының бухгалтерлік есебін жүргізу мен бухгалтерлік және өзге де есепті өндеудің электронды жүйесіне кіруге рұқсат берілетін адамдарды анықтайды;

7) бухгалтерлік есептің архивінің деректер базасын және электронды жазбадағы есепті уақытша әкімшілік басқарушысын тағайындаған күнге дейін қағазға басып шығаруды қамтамасыз етеді;

8) сақтандыру агенттеріндегі сақтандыру ұйымы шарттарының (сақтандыру полистерінің) бланкілерін, қолма-қол ақшаның қалғанын алады;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайлары басталған сақтандыру шарттары бойынша, оның ішінде сақтандыру ұйымдары филиалдарының бұрынғы жасаған шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жасау туралы шешім қабылдайды;

10) сақтандыру ұйымын басқару жөніндегі басқа да қажетті іс-шараларды орындайды.

34. Сақтандыру ұйымының уақытша әкімшілік басқарушысы өз қызметі кезеңінде сақтандыру ұйымын ұстауға жұмсалатын ағымдағы шығыстарға, сақтандыру ұйымына түскен ақшаны есептеуге және сақтандыру оқиғасы басталған бұрынғы жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жасауға байланысты жағдайлардан басқа, шығыс операцияларын жүзеге асыруға құқығы жоқ.

35. Әкімшілік басқарушысы сақтандыру ұйымының филиалдар мен өкілдіктер бойынша мәліметтер ескеріле отырып жасалған есебін уәкілетті мемлекеттік ұйымға ұсынады.

36. Сақтандыру ұйымының уақытша әкімшілік басқарушысы акция ұстаушылар мен бағалы қағаздардың нақты ұстаушыларының тізілімінде ашылған есепшотындағы сақтандыру ұйымы акцияларының меншік иесін өзгерту бөлігіне тиісті өзгерістер енгізілген күннен бастап өз өкілеттіктерін тоқтатады және сақтандыру ұйымының құжаттары мен мүлкін өткізіп береді.

Сақтандыру ұйымының құжаттары мен мүлкін уақытша әкімшілік басқарушысынан жаңа акционердің (жаңа акционерлердің) қабылдап



алуы-өткізуі актімен ресімделеді, ол 3 дана етіп жасалады, олардың біреуі уәкілетті мемлекеттік органға беріледі.

37. Инвесторлардың осы Ереженің 16-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бастапқыда келіп түскен ақшасы сақтандыру ұйымының жана атқару органының өтініші негізінде сақтандыру ұйымының банктік есепшотына аударылуға тиіс.

38. Акцияларды еріксіз сатып алу ісі аяқталғаннан кейін сақтандыру ұйымының қызметін қадағалауды уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымының акцияларын сатып алу-сату шартында көзделген талаптарды ескере отырып, жалпы тәртіппен жүзеге асырады.

## **5-тарау. Қорытынды ережелер**

39. Сақтандыру ұйымының акционерлері мен басқа да мүдделі адамдар уәкілетті мемлекеттік органның акцияларды еріксіз сатып алу және оларды сату туралы шешіміне сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

40. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі

Төраға